

«Дубайда шоппинг» ІС-ШАРАСЫНЫҢ (НАУҚАНЫНЫҢ) ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1.1. «Дубайда шоппинг» (бұдан әрі – **Науқан**) атты ынталандыратын «Іс-шара (Науқан) сатуды ынталандыру және MAGNUM брендіне тиісті ниеттестікті арттыру, оған назар аудару, қызығушылықты қалыптастыру немесе қолдау және оны нарықта жылжыту шеңберінде өткізіледі.

1.2. Іс-шара (Науқан) Magnum-ның барлық Сауда Кешендерінде өткізіледі.

1.3. Іс-шара (Науқан) Қазақстан Республикасының «Ойын бизнесі туралы» Заңының талаптарына сәйкес ынталандыру лотереясы, бәс тігу, тотализатор, құмар ойыны немесе тәуекелге негізделген басқа ойын болып табылмайды.

1.4. Іс-шара (Науқан) жарнама сипаттағы ынталандыратын ережелер бойынша Ұйымдастырушымен өткізіледі, осы Іс-шараға (Науқанға) қатысу туралы ұсыныс осы Ережелердің талаптарын атқарған шектелмеген тұлғалар қатарына жолданады.

1.5. Іс-шара (Науқан) туралы хабарландыру Интернет желісінде <http://www.magnum.kz/> сайтында (бұдан әрі – «Сайт») орналастырылады, <http://www.magnum.kz/> сайтында осы Іс-шара (Науқан) туралы ақпаратпен, Іс-шараға (Науқанға) қатысушылардың осы Ережелерімен, Серіктестердің тауарлар тізімімен танысуға болады.

1.6. Іс-шараға (Науқанға) қатысқылары келетін адамдар (бұдан әрі – «Қатысушылар») осы Ережелерде белгіленген тәртіпте, талаптарда, орында және мерзімде Іс-шараға (Науқанға) қатысумен байланысты барлық әрекеттерді жүзеге асыруға міндетті. Іс-шараға (Науқанға) қатысу Қатысушылардың осы Ережелермен толық келісетіндігін білдіреді.

1.7. Іс-шараға (Науқанға) әрекетке қабілетті жеке тұлғалар – 18 (он сегіз) жасқа толған, тек қана ҚР аумағында тұратын ҚР азаматтары, **Magnum Club ниеттестік картасының тіркелген пайдаланушылары** қатыса алады.

2. Іс-шараның Ұйымдастырушысы туралы мәліметтер

2.1. Іс-шараны Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады (бұған дейін және әрі қарай – «Ұйымдастырушы»):

2.1.1. Атауы: «**Magnum Cash&Carry**» ЖШС.

2.1.2. Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Астана шағынауданы, 1/10

2.1.3. Пошталық мекенжайы: Алматы қ., Астана шағын ауданы, 1/10

2.1.4. БСН 081040004326

3. Іс-шараның (Науқанның) өткізілу мерзімі

3.1. Іс-шараның (Науқанның) басталуы – **15.03.2021 ж., сағ. 09:00 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша);**

3.2. Іс-шараның (Науқанның) аяқталуы: **30.05. 2021 ж., сағ. 23:59 (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша).**

4. Жүлде қоры:

- 4 күнге Дубайға 10 жолдама (ұшып, келу, тұру, медициналық сақтандыру, трансфер).
- Дубайға* жолдаманы ұтып алған әрбір жеңімпазға 1 000 (бір мың) АҚШ доллар.

*Төлем ҚР ҰБ бағаны бойынша теңгеде қолма-қол есептеледі.

5. Іс-Шараға (Науқанға) қатысу тәртібі

5.1. Іс-шара (Науқан) Қатысушысы және жүлде қорының ұтыс ойынына үміттену үшін осы Ережелердің 3-тармағында қарастырылған кезеңде мына әрекеттерді орындау қажет:

5.1.1. Magnum сайтында Іс-шараның (Науқанның) өткізілу ережелерімен танысу. Magnum Club ниеттестік бағдарламасында деректердің өзектілігін және тіркелуін тексеру.

- «Magnum Club» ниеттестік бағдарламасының тіркелген қатысушысы болу;
- 5 000 теңгеге және одан астам сомаға сауда жасау*;
- Сауда жасау кезінде «Magnum Club» картасын ұсыну;
- 5 000 теңгеге және одан астам сомадағы сауданың ақысын VISA картасымен төлеу*

«Дубайда шоппинг» ІС-ШАРАСЫНЫҢ (НАУҚАНЫНЫҢ) ЕРЕЖЕЛЕРІ

Шектеулер:

*** QR-код арқылы жүзеге асқан төлем осы Кампанияға қатыспайды;**

*** Іс-Шараға (Науқанға) қатысу үшін «Magnum Club» бонустық картасы және Visa картасымен күніне 1 реттен жиірек емес, (яғни екінші және кейінірек сатып алулар Іс-Шара (Науқан) Жеңімпазын анықтауда ескерілмейді) клиенттердің барлық сатып алулары қабылданады.**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Науқан Magnum Club тіркелген пайдаланушыларына ғана жарамды.

**** Ниеттестік картасы және Visa каратсы бір адамға (ниеттестік бағдарламасында тіркелген пайдаланушысы) тіркелуі тиіс.**

5.1.2. Науқан емшек сүтін алмастырғышқа (балалардың сүт қоспасына), темекіге, темекі өнімдеріне, соның ішінде қыздырылатын темекісі бар өнімдерге қорқорға арналған темекіге, қорқор қоспасына, темекі қыздыруға арналған жүйелерге, тұтынудың электронды жүйелеріне және оларға арналған сұйықтықтарға, алкогольді және әлсіз алкогольді өнімдерге таралмайды.

5.2. Қатысушы осы Ережелердің 5.4.-тармағында аталған әрекеттерді орындаған жағдайда, Қатысушы мен Ұйымдастырушы арасында шарт жасалған болып есептеледі, ал мұндай тұлға Іс-шара (Науқан) Қатысушысы болып танылады.

5.3. Ұйымдастырушы мына адамдарды Қатысушылар қатарынан шығаруға құқылы:

5.3.1. осы Ережелердің 5.4.-тармағында қарастырылған әрекеттерді осы Ережелердің 3.1-тармағында белгіленген мерзімді бұза отырып орындаған адамдарды;

5.3.2. осы Ережелердің басқа да талаптарын бұзған адамдарды.

5.4. Аталмыш талаптарды орындаған Қатысушылар **автоматты түрде Іс-Шараға (Науқанға) қатысады.**

6. Іс-шара (Науқан) жеңімпаздарын анықтау тәртібі

6.1. Жүлде қорының Жеңімпаздарды анықтау Компанияның ресми аккаунтында Instagram-да, кездейсоқ таңдау амалмен, жасалған транзакциялардың нөмірлері бойынша сандарды электрондық кездейсоқ іріктеу әдісімен (рандом) арқылы онлайн өтеді. Жеңімпаздың тегі, аты және телефон нөмірінің соңғы 4 санын жариялап, алғашқы сәйкестендіру бірден өткізіледі.

6.2. Ұтыс ойынын өткізілетін күні – 08.06.2021*

** Ұйымдастырушы ұтыс ойынның өткізу күнін өзгертуге құқылы.*

6.3. Ұтыс ойыны өткізілетін нақты уақыты және күні инстаграм ресми парақшасында жарияланады.

6.4. Іс-Шара (Науқан) Жеңімпаздарын анықтаған соң, Іс-Шара (Науқан) ұтып алған Қатысушысының телефон нөміріне қоңырау шалу арқылы жүзеге асады. Егер Іс-Шара (Науқан) Жеңімпазының телефоны байланыс аясынан тыс болған жағдайда немесе Іс-Шара (Науқан) Жеңімпазы 48 сағат ішінде қоңырауға жауап бермеген жағдайда, немесе Іс-Шара (Науқан) Ұйымдастырушысына байланысты емес техникалық сипаттағы кез келген басқа себептер бойынша Жеңімпаз өзінің ұтысты иелену мүмкіндігінен айырылады, бұл ретте Іс-Шара (Науқан) Ұйымдастырушысының шешімімен келіспеу мүмкіндігі болмайды. 48 сағат өткен соң осыған ұқсас тәсілмен қосымша Ұтыс ойыны өткізіледі.

6.5. Іс-Шара (Науқан) Ұйымдастырушысы Іс-Шараның (Науқанның) өткізілуі, Іс-Шараның (Науқанның) сыйлық қоры бөлігінде осы Ережелерді өзгертуге, Іс-Шараның (Науқанның) өткізілуінде үзіліс жариялауға, Іс-Шараның (Науқанның) мерзімін қысқартуға және/немесе өзгертуге құқылы.

6.6. Іс-Шараның (Науқанның) ережелері өзгерген немесе күші жойылған жағдайда, бұл туралы ақпаратты Ұйымдастырушы <http://www.magnum.kz/> сайтында орналастырады.

6.7. Қажет болған жағдайда, Ұйымдастырушы Іс-Шараның (Науқанның) өткізілуін мерзімінен бұрын тоқтатуға және/немесе белгілі бір мерзімге тоқтата тұруға құқылы. Іс-Шараның (Науқанның) өткізілуін осылай мерзімінен бұрын тоқтатқан және/немесе тоқтата тұрған жағдайда, Ұйымдастырушы ақпаратты сайтқа орналастырады.

6.8. Негізгі Жеңімпаздарды анықтаған соң, Іс-Шараның (Науқанның) Ұйымдастырушысы

«Дубайда шоппинг» ІС-ШАРАСЫНЫҢ (НАУҚАНЫНЫҢ) ЕРЕЖЕЛЕРІ

науқанның шарттарын бұзған жұлде үміткерін ықтимал ауыстыру үшін 10 (он) резервтік (балама) Жеңімпазды анықтайды. Алайда Іс-Шараның (Науқанның) Ұйымдастырушысы осындай резервтік (балама) Жеңімпаздар тізіміне кірген Қатысушылардың атын жариялауға міндетті емес. Ұтыс ойынының нәтижелері бойынша Науқанның Жеңімпаздарын анықтауға қатысқан Комиссия мүшелері ұтыс ойынының хаттамасына қол қояды.

6.9. Жеңімпаз бір ғана Жұлдені ұтып алуға құқылы.

7. Қосымша талаптар

7.1 Қатысушының Іс-Шараға (Науқанға) қатысу фактісі оның осы Ережелермен танысқандығын және осы Ережелерге сәйкес Іс-Шараға (Науқанға) қатысуға келісетіндігін білдіреді.

7.2. Ұйымдастырушы Шараға (Науқанға) қатысатын тұлғалармен жазбаша келіссөздер жүргізбейді немесе басқалай байланысқа түспейді.

7.3. Осы Ережелерде қолданылатын терминдер тек осы Іс-Шараға (Науқанға) ғана қатысты болады.

7.4. Ұйымдастырушының жұмыскерлері мен өкілдері, онымен үлестес тұлғалар, сондай-ақ аталмыш тұлғалардың туған-туыстары мен отбасы мүшелері жұлде қорының Ұтыс ойынына қатысуға құқылы болмайды.

7.5. Осы Іс-Шараның (Науқанның) өткізілуі аясында туындаған барлық дауларды Ұйымдастырушы мен Қатысушылар келіссөз жүргізу арқылы шешулері тиіс. Жағдайды реттеу мүмкін болмаса, дау Ұйымдастырушының орналасқан жері бойынша қаралады (шарт бойынша соттылық). Қатысушылар Іс-Шараға (Науқанға) қатысу арқылы шарт бойынша соттылыққа келісетіндіктерін білдіреді.

7.6. Іс-Шараға (Науқанға) қатысу арқылы Қатысушы өзінің дербес деректерін Ұйымдастырушының өңдеуіне, сондай-ақ дербес деректерінің Науқанды тікелей жүзеге асыратын үшінші тұлғаларға берілуіне, соның ішінде деректердің трансшекаралық берілуіне келісімін береді.

7.7. Қатысушыларды науқанды өткізу туралы құлақтандыру үшін жарнама-ақпараттық материалдарда Ұйымдастырушымен қолданылатын осы Жұлделердің кез келген суреттерінен немесе графикалық суреттерінен өзгешеленуі мүмкін.

7.8. Жұлде ауыстыруға және алмастыруға жатпайды.

7.9. Жұлдеден бас тартқан жағдайда Ұйымдастырушы ұтыс ойынын қайта ойнатуға және Жеңімпазды резервтік тізімнен анықтауға құқылы.

7.10. Белгіленген Жұлделердің орнына ақшалай өтемақы берілмейді.

7.11. Осы Іс-Шараның (Науқанның) өткізілуі аясында туындаған барлық дауларды Ұйымдастырушы мен Қатысушылар келіссөз жүргізу арқылы шешулері тиіс. Жағдайды реттеу мүмкін болмаса, дау Ұйымдастырушының орналасқан жері бойынша қаралады (шарт бойынша соттылық). Қатысушылар Іс-Шараға (Науқанға) қатысу арқылы шарт бойынша соттылыққа келісетіндіктерін білдіреді.

7.12. Ұйымдастырушы осы шарт бойынша міндеттемелердің жартылай немесе толық орындалмауынан босатылады, осы шартты жасасқан соң пайда болған және Тараптарға байланысты емес, еңсерілмейтін күш салдарынан туындаған, яғни төтенше сипаттағы жағдайлар. Міндеттемелердің орындалуына ықпал ететін карантин, шекара жабылуы, соғыс және соғыс қимылдары, көтеріліс, эпидемиялар, өрттер, жарылыстар, жер сілкіністері, су тасқыны, жазатайым оқиғалар және табиғаттың дүлей күш інен туындаған басқа жағдайлар, заңнама актілері және Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарының актілері, сондай-ақ Ұйымдастырушы күшіне және бақылау мүмкіндігіне байланысты емес басқа да жағдайлар. Еңсерілмейтін күш болғанының расталуы ретінде кез келген құжаттық түрде растаулар, соның ішінде Ұлттық кәсіпкерлер палатасы немесе Қазақстан Республикасының басқа уәкілетті мемлекеттік органдардың қорытындылары.

8. Жұлделердің берілу тәртібі

8.1. Ұтыс ойыны аяқталған соң, Жеңімпаз Іс-Шараның (Науқанның) Ұйымдастырушысына жеке куәліктің түпнұсқасын, көшірмесін ұсынуға міндеттеледі.

8.2. Егер Іс-шараның (Науқанның) Жұлдесінің Жеңімпазы сұратылған материалдар мен құжаттарды ұсынбаған жағдайда, материалдардың жоқтығы туралы Актісіне қол қояды. Мұндай жағдайда ол Іс-шара (Науқан) Жеңімпазы мәртебесінен айырылады және құқық аталған факті

«Дубайда шоппинг» ІС-ШАРАСЫНЫҢ (НАУҚАНЫНЫҢ) ЕРЕЖЕЛЕРІ

анықталған күннен бастап 1 (бір) күн ішінде резервтік Жеңімпаздар тізімінде бірінші тұрған қосалқы Жеңімпазға ауысады.

8.3. Талап етілген құжаттар ұсынылғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде Жеңімпаздардың үлестестігі тексеріледі.

8.4. Ұйымдастырушы жолдама күнін ұшу алдында 14 күн бұрын хабарлауы тиіс.

8.5. Жеңімпаздар Дубайға ұшу үшін Алматыға өз қаражаты есебінен келуі тиіс.

8.6. Жеңімпаздар ұшар алдында 72 сағат бұрын Ұйымдастырушыға ПТР-тестілеу нәтижелерін ұсыну керек. Анықтамада полимеразалық тізбекті реакция (ПТР) әдісімен жасалған анализ нәтижесі көрсетілуі қажет. Басқа әдістермен орындалған анализдер нәтижелері, соның ішінде үй жағдайында тестілеу жинақтарымен жасалған антиденелерге анализдер және тесттер қабылданбайды. Жолаушылар тіркеу тұрынтағында ағылшын немесе араб тіліндегі басып шығарылған ресми анықтаманы ұсыну керек — SMS және электронды түріндегі анықтамалар қабылданбайды. Жеңімпаз ПТР-тестілеуді өз қаражаты есебінен тапсырады.

8.7. Жеңімпазда ПТР-тестілеудің оң нәтижесі анықталған жағдайда Жеңімпаз жолдаманы үшінші тұлғаға беруге құқығы бар, бірақ бұндай жағдайда Жеңімпаз үшінші тұлғаға алған ақшалай жүлдесін беруге міндетті. Жолдама берілген үшінші тұлға ПТР-тестілеудің теріс нәтижесін 48 сағаттан кем емес мерзімде ұсыну және сәйкес шартқа қол қою керек.

8.8. Ақшалай жүлде (бір мың) АҚШ доллар төлемі ҚР ҰБ бағамымен қолма-қол ақшалай есеппен Жеңімпаз шарттың түпнұсқасына, қабылдау-тапсыру актісіне және жөнелтпе құжатқа қол қойғаннан соң ғана беріледі.

8.9. Егер Жеңімпаз өзінің кінәсінен (рейске кешігіп келу, Жеңімпаздың бастамасымен сапарды болдыртпау, елден шығуға тыйым салынған, соның ішінде ПТР-тестілеудің анықтамасын уақытысында берілмеуі және т.б.) Дубайға берілген жолдамасын пайдалана алмаған жағдайда жолдама жойылады. Белгіленген жолдаманың орнына ақшалай өтемақы берілмейді.

8.10. Жолдаманы ұзарту Жеңімпаздың өз қаражат есебінен ғана мүмкін, кері қайту билеті өтелмейді.

8.11. Жеңімпазды сапарда үшінші тұлғалармен, сондай-ақ туысқанмен, балалармен, емшектегі балалармен сүйемелдеуге тыйым салынады.

8.12. Осы ережелердің тармақтарын бұзу және сәйкес келмеуі Ұйымдастырушы Жеңімпазбен шартты жоюға құқылы.

8.13. Жүлде қорының сапасына қатысты Ұйымдастырушының міндеттемелері олардың өндірушілері (жеткізушілері) ұсынған кепілдікпен шектелген. Саяхат сапасына қатысты талап-тілектер осы Қызметтердің өндірушілеріне (жеткізушілеріне) ұсынылуы тиіс.

8.14. Сапардан келген соң, Жеңімпаз Ұйымдастырушыға екі жаққа ұшу билетінің отырғызу талонын және қонақүй ваучерін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынуы тиіс.

9. Салық туралы ақпарат

9.1. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, атап айтқанда, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 351-бабына сәйкес төлем көзінен салық салынатын кірістерге жүлделер жатады. Табыстың (ұтыстың) осы түрі бойынша ЖТС (жеке табыс салығы) есептеу мен ұстап қалуды Іс-шара (Науқан) Жеңімпазы – Қатысушыға Іс-шара (Науқан) Жүлделерін тікелей беруді қамтамасыз ететін Іс-шара (Науқан) Ұйымдастырушысы – салық агенті жүргізеді.